

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҮЛЕСІ БАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2022 жылы алғаш рет QS рейтингі бойынша Орталақ Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындарының тізіміне еніп, 44-орынға ие болды. Ал «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде бірінші орынды алды. Жақсы көрсеткіш. Ұлттық университет өз дамуының жаңа кезеңіне көтеріліп келеді. Жақсыны жақсы демек – азаматтық баға. Бұл көрсеткіштер - университеттің оқытушы-профессорлары мен зерттеуші-ғалымдарының, кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының, институт директорларының, ректораттың, басқарма төрағасы-ректордың көпсалалы қызметінің нәтижесі. Оның негізінде Университеттің Басқарма төрағасы-ректорының ұйымдастыру, басқару тәжірибесі мен қабілеті, азаматтық қайраткерлігі мен іскерлігі жатқаны да ойымызда тұр.

Ұлттық университеттің жетістігінде Абай институтының қосқан лайықты үлесі бар. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін бүгінде бірнеше көрсеткіштер бойынша бағалануда: 1) Scopus т.б базасына енетін шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар саны; 2) Ғылым комитетінің базасына енетін отандық ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар саны; 3) ғылыми-зерттеу институты тапқан қаржы сомасының көлемі т.т. Абай институты осы көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

2021-2022 жылдары Абай институты «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының бірінші кезеңін 50 томмен аяқтады. Университеттің Басқарма төрағасы-ректоры профессор Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен «Абайтану антологиясы» он том болып жарық көрді. Осы екі сериялық басылым негізінде «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық ашық е-ресурстар базасы жасалып, университет кітапханасының порталында орналастырылды. Ол еліміздің ақыл-ой қазынасын байытуға, қоғамдық сананы жаңғыртуға, адам капиталын дамытуға қызмет етуде.

«Абай институтының еңбектері», «Абай институтының электрондық басылымдары» серияларының кітаптары жариялана бастады. Олардың ішінде Лұқман хакімнің даналық сөздері, Жиренше шешеннің шешендік сөздері, Бөлтірік шешеннің шешендік сөздері алғаш рет толық жиналып, ғылыми-көпшілік басылым үлгісінде жарық көрді. Білікті оқырман үшін бұлар алтыннан ардақты, күмістен салмақты. Көпшілік үшін олар да қолжетімді.

2021-2022 жылдары университеттің Басқарма төрағасы-ректорының талабымен ғылыми-зерттеу мен білім беру ісінің интеграциясы, зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге дайындау өзекті сипат алды. Институттың бұл бағыттағы басты жетістігі – ғылыми-зерттеу нәтижелері негізінде *Абай ілімі* оқу пәнін дайындап, оқу үдерісіне енгізгені. *Абай ілімінің* Жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндер циклындағы таңдау пәні

ретінде оқытылып келе жатқанына биыл екінші жыл болды. Білім алушы жастар пәннің мазмұнын үлкен құрметпен және сүйіспеншілікпен қабылдап, оны дайындаушылар мен оқытушыларға шексіз разылығын білдірді, пәнді бір семестр емес, екі семестр оқыту туралы тілектерін айтты.

Институт жұртшылыққа ақылы қызмет көрсету жұмыстарының тиімділігін арттыруға үлкен мән беріп отыр. Қазіргі шақта институт бірнеше семинар бойынша ақылы қызмет көрсетуде.

Университеттің жеткен жетістігі Абай институтының ғылыми әлеуетін жаңа биікке көтеруге мүмкіндік береді.

12.01.2023